

**Алтынсарин ауданы мәслихатының 2005 жылғы 27 қазандағы № 166 "**

**Алтынсарин ауданында демонстрациялар және пикеттер, митингілер, бейбіт жиналыстар өткізу орындарын және тәртібін қосымша регламенттеу туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2009 жылғы 29 сәуірдегі № 156 шешімі. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 10 маусымда № 9-5-92 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2014 жылғы 26 наурыздағы № 171 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 26.03.2014 № 171 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына және "Қазақстан Республикасында демонстрациялар және пикеттер, митингілер, бейбіт жиналыстар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сәйкес және Алтынсарин аудан прокурорының 2009 жылғы 17 наурыздағы № 7-2-504-09 Қазақстан Республикасының заң шығарушы нормативті құқықтық актілері бойынша назарлық білдіруіне байланысты, сонымен қатар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, көлік және жаяу жүргінші қозғалыстарына кедергі келтірмеуге, инфрақұрылым объектілерінің тоқтаусыз жұмыс жасауына, жасыл көшеттер мен шағын сәулетті нысандарға шығын әкелуіне кедергі жасау мақсатында Алтынсарин аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алтынсарин аудандық мәслихатының 2005 жылғы 27 қазандағы № 116 "Алтынсарин ауданында демонстрациялар және пикеттер, митингілер, бейбіт жиналыстар өткізу орындарын және тәртібін қосымша регламенттеу туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін (нормативті құқықтық акт тіркеуінің мемлекеттік нөмері № 9-5-14, 2005 жылдың 5 желтоқсанда № 29 "Таза бұлақ—Чистый родник" газетінде жарияланған) қосымшаға сәйкес белгіленіп жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Аудан әкімдігіне, село, селолық округ әкімдеріне жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу жөнінде өтініш түскен жағдайда, "Қазақстан Республикасында демонстрациялар және пикеттер, митингілер, бейбіт жиналыстар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3 бабындағы талаптарды орындауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім ресми жарияланып он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Алтынсарин аудандық  
мәслихатының кезектен тыс  
сессиясының төрағасы В.Максимова

Алтынсарин аудандық  
мәслихатының хатшысы Т. Құлмағамбетов  
КЕЛІСІЛДІ

Алтынсарин  
ауданының әкімі  
А. Бондаренко

29.06.2009 ж.

Алтынсарин аудандық мәслихатының  
2009 жылғы 29 сәуірдегі  
№ 156 шешіміне қосымша

**Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер,  
пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары**

№ п/п	Елді мекеннің атауы	Елді мекеннің атауы	Өткізу орны
1	Большечураков селолық округі	Большая-Чураковка	Почтовая көшесіндегі ашық сауда сатылымы өтетін алаңда
2	Димитров селолық округі	Танабай	Уражайная көшесіндегі Ұлы Отан Соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлердің ескерткіші алаңында
3	Докучаев селолық округі	Докучаев	Первомай көшесі № 21 ЖСШ "Беяевка" кеңесінің алаңында
4	Лермонтов селолық округі	Лермонтов	Лермонтов ауылының орталық стадионында
5	Маяков селолық округі	Первомай	Ұлы Отан Соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлердің ескерткіші алаңында
6	Новоалексеев селолық округі	Новоалексеев	"Алтын дән" Мәдениет үйінің алаңында
7	Приозерный селолық округі	Приозерный	Ленина көшесіндегі алаңда
		Зуев	Ұлы Отан Соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлердің ескерткіші алаңында. Ұлы Отан Соғысы жылдарында

8	Силантьев селолық округі	Бирюков Малочураков, Силантьев	қаза болған жауынгерлердің ескерткіші алаңында. Ұлы Отан Соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлердің ескерткіші алаңында.
9	Щербаков селолық округі	Щербаково	Ұлы Отан Соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлердің ескерткіші алаңында
10	Красный Кордон селосы	Красный- Кордон	Мәдениет үйінің алаңында
11	Свердлов селосы	Свердлов	Целинная көшесі Мәдениет үйінің алаңында
12	Обаған селосы	Обаған	Ленин көшесі, "Қазынашылық" бөлімінің алаңында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК